

SONY®



PlayStation®5 Цифрлық шығарылымы

Қауіпсіздік нұсқаулығы

ЕСКЕРТУ

Ток соғуы

Электр ток соғуын болдырмау үшін құрылғы корпусын ашпаңыз. Жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін тек білікті мамандарға жүгініңіз.

Қозғалатын желдеткіш қалақтары

Желдеткіш қалақтарына дене бөліктерін жақындатпаңыз.



Жарық стимуляциясы тудырған ұстамалар (жарықсезгіш эпилепсия)

Эпилепсияға шалдыққан болсаңыз немесе талмаларды бастан кешірсеніз, **консольді пайдалану алдында дәрігерден кеңес алыңыз.** Жыпылықтайтын жарықтарға немесе геометриялық пішіндерге және өрнектерге сезімтал кейбір тұлғаларда анықталмаған эпилепсиялық күй болуы мүмкін және компьютерлік ойындарды ойнағанда немесе бейне мазмұнды көргенде эпилепсиялық ұстамаларға ұшырауы мүмкін.

Компьютерлік ойындарды ойнау немесе бейне мазмұнды көру кезінде жыпылықтайтын жарықтар немесе басқа жарық стимуляциясы әсер етсе, келесі денсаулық мәселелері немесе белгілері байқалса, **ПАЙДАЛАНУДЫ ДЕРЕУ ТОҚТАТЫҢЫЗ:** көздердің ауыруы, көру қабілетінің өзгеруі, бас сақинасы, бұлшықеттердің тартылуы, тырыспа немесе басқа еріксіз қозғалыстар, көздің қарауытуы, есінен тану, я болмаса абдырау немесе бағыттан адасу.

Жоғарыдағыларға қоса, келесі белгілер байқалса, ПАЙДАЛАНУДЫ ДЕРЕУ ТОҚТАТЫҢЫЗ: ойнау кезіндегі бас ауыруы, бас айналуы, лоқсу, қалжырау, қозғалыстан лоқсуға ұқсас белгілер, я болмаса көздер, құлақтар, қолдар, аяқтар сияқты кез келген дене бөлігіндегі ыңғайсыздық немесе ауыру. Бұл жағдай тоқтамаса, **медициналық көмекке жүгініңіз.**

Радиотолқындар

Радиотолқындар электрондық жабдыққа немесе медициналық құрылғыларға (мысалы, кардиостимуляторларға) әсер етіп, бұл ақаулықтарға және ықтимал жарақаттарға әкелуі мүмкін.

- Кардиостимуляторды немесе басқа медициналық құрылғыны пайдалансаңыз, сымсыз желі мүмкіндігін (Bluetooth® және сымсыз жергілікті желі) пайдалану алдында дәрігерден немесе медициналық құрылғы өндірушісінен кеңес алыңыз.
- Келесі жерлерде сымсыз желі мүмкіндігін пайдаланбаңыз:
 - Ауруханалар сияқты сымсыз желіні пайдалануға тыйым салынған аумақтар. Консольді медициналық мекемеде пайдаланғанда, сол мекеменің ережелерін сақтаңыз.
 - Өрт дабылдары, автоматты есіктер және автоматтандырылған жабдықтың басқа түрлерінің жанындағы аумақтар.


Магниттер

Бұл өнімдерде кардиостимуляторларға, дефибрилляторларға және бағдарламаланатын шунттау клапандарына немесе басқа медициналық құрылғыларға кедергі келтіруі мүмкін магниттер бар. Бұл өнімдерді осындай медициналық құрылғыларға немесе медициналық құрылғыларды пайдаланатын адамдарға жақын қоймаңыз. Мұндай медициналық құрылғыларды пайдалансаңыз, осы өнімдерді пайдалану алдында дәрігерге хабарласыңыз.

Гарнитураларды немесе құлаққаптарды пайдалану

Гарнитураны немесе құлаққапты (жинаққа кірмейді) жоғары дыбыс деңгейімен пайдаланса, есту қабілеті мүлдем жоғалуы мүмкін. Дыбыс деңгейін қауіпсіз деңгейге орнатыңыз. Уақыт өте келе деңгейі артатын дыбыс қалыпты естілуі мүмкін, бірақ іс жүзінде есту қабілетіңізді зақымдап жатқан болуыңыз мүмкін. Егер құлағыңызға қандайда шұыл естілсе, ыңғайсыздық тудырса немесе сұхбат бөсеңдеп естілсе, тыңдауды тоқтатып, есту қабілетіңізді тексеріңіз. Дыбыс деңгейі қатты болған сайын, есту қабілетіңізге соғұрлым жылдам әсер етеді.

Литий батареялары

	<p>НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: бұл консольде таблетка тәрізді / жалпақ литий батареясы бар.</p> <ul style="list-style-type: none">• Батарея қауіпті. Жаңа немесе бұрын қолданылған батареялар балалардан алшақ жерде сақталуы тиіс.• Таблетка тәрізді / жалпақ литийлі батареяны жұтып қойғанда немесе ол дененің қандай да бір бөлігіне кіріп кеткенде, 2 сағат немесе одан да кем уақыт бойы ауыр немесе өлімші жарақаттар келтірілуі мүмкін.• Батареяны жұтып қойған немесе дененің қандай да бір бөлігіне кіріп кеткен деп ойласаңыз, дереу медициналық көмекке жүгінуіңіз керек.
---	---

Зақымдалған немесе ағып кеткен литий-ионды батареяларды ұстамаңыз. Егер ішкі батарея сұйықтығы ақса, өнімді пайдалануды дереу тоқтатып, көмек алу үшін техникалық қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. Егер сұйықтық киіміңізге, теріңізге немесе көздеріңізге тиген болса, сол тиген аумақты дереу таза сумен шайып, дәрігерге көрініңіз. Батарея сұйықтығы соқырлыққа себеп болуы мүмкін.

Жүйе бағдарламалық жасақтамасы

Осы PlayStation®5 консолін пайдалану Сони Интерэктив Энтертейнмент Инк. компаниясының жүйе бағдарламалық жасақтамасының лицензиялық келісімін қабылдауды білдіреді. Қосымша мәліметтерді doc.dl.playstation.net/doc/ps5-eula/ құжатынан қараңыз.

Интернет арқылы жаңарта алмасаңыз, USB дискісін де пайдалануға болады. Мәліметтер алу үшін, жаңарту сайтының URL мекенжайына өтіңіз.

PS5™ консолінің жүйе бағдарламалық жасақтамасын жаңарту арқылы қосымша мүмкіндіктерді, жақсартылған пайдалану ыңғайлылығын және жақсартылған қауіпсіздікті пайдалана аласыз. Өрқашан соңғы нұсқаға жаңартып отырыңыз.

Талаптарға сәйкестік



Өнімді шығарған немесе оның атынан дайындаған:

Сони Интерэктив Энтертейнмент Инк, Мекен-жайы: 1-7-1 Конан, Минато-ку, Токио 108-0075, Жапония.

Кеден одағы жеріндегі шетелден әкелуші- «Сони Электроникс» АҚ, Ресей, 123103, Мәскеу, Карамышевский өтпе көшесі, 6.

Организация, уполномоченная принимать претензии от потребителей на территории Казахстана.

Қазақстан Республикасы жерінде тұтынушылардан кінәрат-талаптар қабылдайтын ұйым АО «Сони Электроникс» Представительство в Казахстане: 050010, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Достык, дом 117/7; 050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, даңғыл Достык, 117/7 үй.

Дайындалған күні бұйымның орамында немесе өнім заттаңбасындағы P/D белгісінің жанында келесі форматта көрсетілген: P/D: MM.YYYY, мұндағы MM- дайындалған айы, YYYY- жылы.

Құрамы

ЕСКЕРТУ	2
Талаптарға сәйкестік	3
Жүйе бағдарламалық жасақтамасы	3
Сақтық шаралары	6
М.2 SSD жинақтауышын орнату	10
Сипаттамалары	12
КЕПІЛДІК	13
Авторлық құқық және сауда белгілері	15

Сақтық шаралары

Осы өнімді пайдалану алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығып, оны алдағы уақытта қолдану үшін сақтап қойыңыз. Ата-аналар мен қамқоршылар бұл нұсқаулықты оқып, балалардың барлық қауіпсіздік шараларын сақтауын қадағалауы тиіс.

Қауіпсіздік

Бұл өнім қауіпсіздікті ескере отырып жобаланған. Дегенмен қате пайдаланылса, кез келген электр құрылғысы өртке, ток соғуына немесе жарақатқа әкелуі мүмкін. Апаттық жағдайларсыз пайдалану үшін, осы нұсқауларды орындаңыз. Барлық ескертулерді, сақтық шараларын және нұсқауларды орындаңыз. Осы нұсқаулықтағы кез келген ақпаратқа сенімді болмасаңыз, «Кепілдік» бөліміндегі тиісті PlayStation® тұтынушыларды қолдау қызметінің анықтамалық желісіне хабарласыңыз.

Айнымалы ток сымын пайдалану

- Айнымалы ток сымында зақым бар-жоғын және қуат ашасы немесе электр розеткасы айналасында шаң жиналғанын жүйелі түрде тексеріп тұрыңыз.
- Егер құрылғы дұрыс жұмыс істемесе, қалыптан тыс дыбыстар мен иіс шығарса, қолмен ұстау мүмкін болмайтынды қызып кетсе, қолдануды тоқтатып, айнымалы ток сымын электр розеткасынан суырып, барлық басқа кабельдерді ажыратыңыз.

Сымсыз басқару құралының дірілін пайдалану

- Сымсыз басқару құралы тегіс бетте тұрса, ойын ойнау кезінде сымсыз басқару құралы дірілдеп, құлап, жарақатқа немесе ақаулыққа әкелуі мүмкін.
- Егер қандай да бір сырқатыңыз болса немесе сүйектердің, буындардың немесе қолдың бұлшықеттері зақымдалған болса, діріл немесе триггерлік әсер функциясын пайдаланбаңыз. Ауруыңыз немесе жарақатыңыз бар болса, бұл функцияларды «Off» (Өшірулі) күйіне орнатпасаңыз, осы мүмкіндіктері бар ойындарды басқару құралы арқылы ойнамаңыз. Бұл мүмкіндіктерді қосу үшін бастапқы экраннан Settings (Параметрлер) > Accessories (Аксессуарлар) тармағын таңдаңыз.

Қақпақты пайдалану

- Консольді қақпақсыз пайдаланбаңыз. Бұлай істеу өртке, ток соғуға немесе ақаулыққа себеп болуы мүмкін.

Кішкентай балалардың жарақаттары

- Осы өнімді кішкене балалардың қолы жетпейтін жерде ұстаңыз. Кішкентай балалар шағын бөлшектерді жұтып қою немесе кабельдерге оралып қалулары мүмкін, бұл жарақат алу, апатқа ұшырау немесе бұзылу қаупін тудыруы мүмкін.

Дыбыс деңгейі

- Есту қабілетіңізді қорғау үшін, гарнитура немесе құлаққаптарды жоғары дыбыс деңгейінде пайдалану уақытын шектеңіз.
- Шұлы ортаның дыбысын естімеу үшін дыбыс деңгейін арттырмаңыз.
- Жаныңызда сөйлеп жатқан адамдарды ести алмасаңыз, дыбыс деңгейін төмендетіңіз.

Консольді пайдалану және ұстау

Консольдің орны

- Консоль денеден 20 см минималды қашықтықта орнатылуы және басқарылуы керек.
- Консольді жабық шкафта немесе жылылық жиналуы мүмкін басқа орындарда пайдаланбаңыз. Бұлай істеу консольді қызып кетуіне және өртке, жарақатқа немесе ақаулыққа себеп болуы мүмкін.
- Егер консоль қатты қызып кетсе, экраннан ескерту хабарламасын көресіз. Хабарлама көрсетілген кезде пайдалануды жалғастыру, консоль жұмысының тоқтауына әкелуі мүмкін. Егер хабарламаны көрсеніз, консольді өшіріп, оның суығанын күтіңіз. Консоль суығаннан кейін, оны жоғары температура әсеріне ұшырамайтын, жақсы желдетілген жерге ауыстырыңыз. Консольдің желдеткіш саңылауларының бітелмегеніне көз жеткізіңіз және консольге M.2 SSD жинақтауышын орнатқан болсаңыз, жылу тарататын бөлшектер M.2 SSD жинақтауышынан ажыратылмағанына көз жеткізіңіз. Жылу тарататын бөлшектер туралы толық ақпарат алу үшін «M.2 SSD жинақтауышын орнату» (▶▶ 10 бет) бөлімін қараңыз.
- Пайдалану, тасымалдау және сақтау кезінде консольді, аксессуарларды немесе батареяны жоғары температуралы, жоғары ылғалдықты немесе тікелей күн жарығы түсетін орындарға қоймаңыз.

Жақсы желдетілетін аумақ

- Жақсы желдетілетін аумақта пайдаланыңыз және теледидар экранынан қауіпсіздік қашықтықты сақтаңыз.

Үзілістер

- Консольді ұзақ пайдаланбаңыз. Өрбір бір сағат ойын барысында 15 минут үзіліс жасаңыз.
- Шаршап тұрғанда немесе ұйқыңыз келіп тұрғанда ойнамаңыз.
- Сымсыз басқару құралын пайдалану кезінде шаршауды сезіне бастасаңыз, я болмаса қолдарыңызда ыңғайсыздық немесе ауыру сезінсеңіз, консольді пайдалануды бірден тоқтатыңыз. Денсаулығыңыз қалпына келмесе, дәрігерге қаралыңыз.
- Келесі денсаулық мәселелерінің кез келгені болса, консольді пайдалануды дереу тоқтатыңыз. Симптомдар кетпесе, дәрігерге қаралыңыз.
 - Басы айналу, лоқсу, қалжырау немесе қозғалыстан лоқсуға ұқсас симптомдар.
 - Көздер, құлақтар, қолдар сияқты дене бөлігіндегі ыңғайсыздық немесе ауыру.

Сұйықтық, шаң, түтін және бу

- Найзағайлы дауыл кезінде өнімге тименіңіз.
- Өнімді су жанында пайдаланбаңыз.
- Сұйықтықтың, шағын бөлшектердің немесе басқа бөгде заттардың өнімге кіруіне жол бермеңіз.
- Өнімге шаң, түтін немесе бу тигізбеңіз. Сондай-ақ консольді артық шаң немесе темекі түтіні әсер ететін аумаққа қоймаңыз. Ішкі құрамдастардағы жиналған шаң немесе темекі түтінің қалдығы консольдің дұрыс емес жұмыс істеуіне әкелуі мүмкін.

Негізді пайдалану

- Жинақтағы негізді консольді нұсқауларға сай орнату үшін пайдаланыңыз. Негізді пайдаланбаңыз және консольді нұсқаулардан басқа жолмен орнатсаңыз, жарақат алу, зақым немесе ақаулық әкелуі болады. Негізгі бекіту туралы нұсқауларды қысқаша бастау нұсқаулығынан қараңыз.
- Егер сіз консольді тік күйде орнататын болсаңыз, негізін консольге бұрандамен бекіту қажет. Консольді пайдалағаннан кейін, бұранда қызып кетуі мүмкін. Негізін алған кезде немесе консольді пайдаланып бола салысымен алып жүргенде сақ болыңыз.

Қақпағын пайдалану

- Консольді қақпақсыз пайдаланбаңыз. Бұл өрт, электр тоғының соғуына немесе ақауға әкелуі мүмкін. Консольдің қақпағын пайдаланып болғаннан кейін бірден алмаңыз. Сіздің PS5 консоліңіздің негізгі құралы пайдаланып болғаннан кейін ыстық болуы мүмкін және оны қақпағы ашық күйде пайдалануды жалғастыру күйіп қалуға әкелуі мүмкін. Егер қақпақты алу қажет болса, PS5 консольді өшіріп, айнымалы тоқ сым мен кабельдерді суырып, олардың суығанын күтіңіз.

Орналастыру және жұмыс істеу

- Консольді ұстап жүргенде сақ болыңыз. Жақсылап ұстамасаңыз, консоль құлап, зақымға немесе жарақатқа әкелуі мүмкін. Консольді тек қақпағынан ұстап тасымалдамаңыз. Негізгі консольге бекіткенде, консольді қатты ұстап тұрыңыз және тек қақпағынан ұстамаңыз.
- Қуат индикаторы жанып немесе жыпылықтап тұрғанда, консольді жылжитпаңыз немесе орнын реттемеңіз. Деректер жоғалуы немесе бүлінуі не болмаса консоль зақымдалуы мүмкін.
- Консольге тұрмаңыз немесе заттар қоймаңыз өрі консольді басқа құрылғылар дестесіне қоймаңыз.
- Консольді және қосылған аксессуарларды еденге немесе біреудің шалынуына әкелуі мүмкін жерге қоймаңыз.
- Консольдің немесе аксессуарлардың коннекторларына тиемеңіз.

Қуатты өшіру

- Деректер SSD немесе USB дискілеріне жазылып немесе олардан жүктеліп жатқанда консольді өшірмеңіз.
- Қуат индикаторы өшкенде айнымалы ток сыммен электр розеткасынан ажыратпаңыз. Қуат индикаторы жанып немесе жыпылықтап тұрғанда, айнымалы ток сыммен ажыратсаңыз, деректер жоғалуы немесе бүлінуі не болмаса консоль зақымдалуы мүмкін.

Төмен температуралы күйіктер

- Пайдаланып жатқанда дененің консольге немесе консоль желдету саңылауларын шығатын ауаға ұзақ уақыт бойы тиюіне жол бермеңіз. Осы жағдайларда ұзақ тиіп тұру төмен температуралы күйіктерге әкелуі мүмкін.

Статикалық токтың соғуы

- Гарнитураны немесе құлақпаптарды өте құрғақ ауа жағдайларында пайдаланғанда, кейде құлақтарыңызда шағын әрі жылдам (статикалық) ток соғуы мүмкін. Бұл – статикалық электр тоғының денеде жинақталуының нәтижесі және гарнитураның немесе құлақпаптың ақауы емес.

Балалар үшін қауіпсіз пайдалану

- Ата-аналарға интернетті қауіпсіз және жауапкершілікпен пайдалануын қамтамасыз ету үшін балалардың онлайн әрекеттерін бақылау ұсынылады. Қосымша мәліметтерді playstation.com/parents бетінен қараңыз.

Тасымалдау

- Тасымалдау өндірушінің түпнұсқалық қаптамасында орындалады.

Желдету саңылаулары

Ешбір желдету саңылауларын жаппаңыз. Жақсы желдету деңгейін сақтау үшін, төмендегі нұсқауларды орындаңыз:

- Консольді қабырға бетінен кемінде 10 см қашықтықта қойыңыз.
- Ұзын талшықтары бар кілемге немесе кілемшеге қоймаңыз.
- Еңсіз немесе тар жерге қоймаңыз.
- Шүберекпен жаппаңыз.
- Желдету саңылауларында шаңның жиналуына жол бермеңіз.

Сақтау жағдайлары

Пайдалану, тасымалдау және сақтау кезінде консольді, айнымалы ток сыммен, батареяны немесе аксессуарларды келесі жерлерге қою өртке, ток соғуына, жарақатқа, зақымға немесе ақаулыққа әкелуі мүмкін.

- Түтін, бу немесе артық шаң әсер ететін аумақ.
- Жоғары ылғалдылық, тік күн жарығы әсер ететін аумақ немесе жақын жылыту жабдығы сияқты жоғары температуралар әсер ететін аумақ, я болмаса жылу жиналуы мүмкін аумақ.

- Тұрақсыз, еңкейтілген немесе діріл әсер ететін бет.
- Өнімдерді бірегей қаптамасында, қышқылдар мен сіптілерден алыс қараңғы, құрғақ, таза, жақсы желдетілетін жерде сақтау керек.

Сымсыз басқару құралын пайдалану

Кірістірілген батарея

- **Абайлаңыз** – кірістірілген батареяны пайдалану:
 - Сымсыз басқару құралында литий-ионды қайта зарядталатын батарея бар.
 - Сымсыз басқару құралын пайдаланбастан бұрын батареяны қолдану мен зарядтау бойынша нұсқауларды оқып, оларды мұқият орындаңыз.
 - Батареяны қолданғанда өте мұқият болыңыз. Дұрыс қолданбаудан өрт шығу немесе күйіп қалу қаупі бар.
 - Батареяны ашуға, сындыруға, қыздыруға немесе отқа тастауға болмайды.
 - Сымсыз басқару құралын пайдаланбаған кезде батареяны ұзақ уақытқа зарядталуға қалдырмаңыз.
 - Өрдайым пайдаланылған батареяларды жергілікті заңдарға немесе талаптарға сай жоюға жіберіңіз.

Қозғалыс датчигі

- Сымсыз басқару құралының қозғалыс датчигі функциясын пайдаланып жатқанда, келесі нәрселерден сақтаныңыз. Басқару құралы адамға немесе затқа соқтықса, бұл кездейсоқ жарақатқа немесе зақымға әкелуі мүмкін.
 - Қозғалыс датчигі функциясын пайдалану алдында, айналада қозғалу үшін жеткілікті кеңістік бар екендігіне көз жеткізіңіз.
 - Қолыңыздан шығып кетіп, зақымға немесе жарақатқа әкелмеуі үшін сымсыз басқару құралын қатты ұстаңыз.
 - PS5 консоліне USB кабелі арқылы қосылған сымсыз басқару құралын пайдаланып жатсаңыз, кабель адамға немесе затқа соқтықпауы үшін кабель үшін жеткілікті кеңістік бар екенін тексеріңіз.

Үйлесімділік

- Аналогтық басқару құралдары (DUALSHOCK® және DUALSHOCK®2) және DUALSHOCK®3 сымсыз басқару құралы сияқты PlayStation®, PlayStation®2 және PlayStation®3 консольдерімен бірге пайдалануға арналған басқару құралдары PS5 консолімен үйлесімді емес. DUALSHOCK®4 сымсыз басқару құралы PS5 консоліндегі PlayStation®4 пішіміндегі бағдарламалық жасақтамамен үйлесімді, бірақ PS5 консоліндегі PS5 пішіміндегі бағдарламалық жасақтамамен үйлесімді емес.

Жарық жолағы

- Басқару құралындағы жарық аймағы жыпылықтаған кезде оған қарамаңыз. Егер денеңізде жарық стимуляциясынан ыңғайсыздық немесе қандайда бір ауру белгісін байқасаңыз, пайдалануды дереу тоқтатыңыз.

Зарядтау

- Температура ауқымы 10 °C және 30 °C аралығында болатын ортада зарядтаңыз. Басқа орталарда зарядтағанда тиімді нәтиже болмауы мүмкін.
- Сымсыз басқару құралы ұзақ уақыт пайдаланылмаса, батареяның функциялық мүмкіндігін сақтау үшін кемінде жылына бір рет батареяны толық зарядтаған жөн.

Шектеулі қызмет көрсету мерзімі

- Батареяның қызмет ету мерзімі шектеулі. Батарея қызметінің ұзақтығы жиі қолдану және уақыт ету нәтижесінде қысқарады. Батареяның қызмет көрсету мерзімі сақтау әдісіне, пайдалану күйіне, ортаға және басқа факторларға байланысты әртүрлі болады.

Айнымалы ток сымын пайдалану

- Қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету үшін, айнымалы ток сымын жүйелі түрде тексеріп тұрыңыз. Егер зақымдалған болса, пайдалануды дереу тоқтатып, кепілдік бөлімінен табуға болатын тиісті PlayStation® пайдаланушыларға қызмет көрсету анықтамалық желісіне хабарласыңыз.
- Жинақтағы айнымалы ток сымынан басқа сымды пайдаланбаңыз. Айнымалы ток сымы тек осы консольмен бірге пайдалануға жобаланған және басқа электр құрылғылармен бірге пайдаланылмауы керек.
- Айнымалы ток сымының ашасына ылғал қолдармен тиіменіз.
- Айнымалы ток сымын, әсіресе ашаларды, кеңейту ұяшықтарын және сым консольден шығатын түсті басып өтуден немесе қысылудан қорғаныңыз.
- Сымға ауыр заттар қоймаңыз.
- Айнымалы ток сымын жылыту жабдығының жанына қоймаңыз және сымға жылу әсерін тигізбеңіз.
- Айнымалы ток сымын кернеу трансформаторына немесе инверторына жалғамаңыз. Айнымалы ток сымын шетелге саяхаттау үшін кернеу трансформаторына қосу немесе көлікте пайдалану үшін инверторға қосу консольде жылудың жиналуына және күйіктерге немесе ақаулыққа әкелуі мүмкін.
- AC IN коннекторының айналасында шаңның немесе бөгде заттардың жиналуына жол бермеңіз. Айнымалы ток сымын консольге немесе розеткаға қоспастан бұрын, қуат ашасының, сымның байланыстырғыш ұшының, электр розетканың немесе жүйенің артындағы AC IN коннекторының ішінде не үстінде шаң немесе бөгде заттардың жоқ екендігіне көз жеткізіңіз. Егер де аша немесе штекер ластанған болса, оларды қосу алдында құрғақ шүберекпен сүртіңіз.
- Айнымалы ток сымын электр жүйесінен консольді тазаламай немесе ауыстырмай тұрып немесе консольдің қақпағын алмай тұрып суырыңыз. Егер консольді ұзақ уақыт ішінде пайдаланбайтын болсаңыз, айнымалы ток сымын суырып тастауыңыз қажет.
- Ажырату кезінде, айнымалы ток сымын айырдан ұстап, электр жүйесінен суырыңыз. Ешқашан сымнан тартпаңыз және бұрышынан созбаңыз.

Осы консольді немесе аксессуарларды ешқашан бөлшектемеңіз немесе өзгертпеңіз

Консольді және аксессуарларды өнім құжаттамасындағы нұсқауларға сай пайдаланыңыз. Осы консольді немесе аксессуарларды талдау немесе өзгерту не оның тізбек конфигурацияларын талдау және пайдалану рұқсаты берілмейді. Консольді немесе аксессуарларды рұқсатсыз өзгерту кепілдіктің күшінің жойылуына әкеледі. Консоль ішінде пайдаланушы қызмет көрсете алатын құрамдастар жоқ.

Желі

- Желіге қосылу үшін интернет байланысы керек.
- Интернет қызметінің ақыларына сіз жауаптысыз. Толық ақпаратты қызмет көрсету келісімшартында берілген мәліметтерден қараңыз немесе интернет қызмет провайдеріне хабарласыңыз.
- Тек 10BASE-T, 100BASE-TX немесе 1000BASE-T желілерімен үйлесімді Ethernet кабелін пайдаланыңыз. Стандартты үй телефон желісіне арналған сымды немесе осында аталғаннан басқа түрге жататын кабельдерді пайдаланбаңыз. Сымның немесе кабельдің қате түрін пайдалану LAN порты арқылы қажетінен көбірек электр тогының өтуіне әкеліп, бұл жылудың жиналуына, өртке немесе ақаулыққа әкелуі мүмкін.

Сымсыз желі мүмкіндігі

- Консольдің сымсыз желі мүмкіндігі пайдаланатын жиіліктер: 2,4 ГГц (WLAN, Bluetooth®)/5 ГГц (WLAN) ауқымдары. Радиотолқындардың 2,4 ГГц ауқымын әртүрлі құрылғылар ортақ пайдаланады. Бұл консоль бір ауқымы пайдаланатын басқа құрылғылардың әсерін барынша азайтатын етіп жобаланған. Алайда, кейбір жағдайларда басқа құрылғылардан келген кедергілер байланыс жылдамдығын төмендетуі, сигнал ауқымын қысқартуы немесе күтпеген жерден байланысты тоқтатуы мүмкін.
- 5150-5350 МГц диапазонында тек іште пайдалануға болады.
- Сымсыз жергілікті желіге қатынасу нүктесін таңдау үшін консольдің іздеу функциясын пайдаланғанда, көпшіліктің пайдалануына арналмаған қатынасу нүктелері көрсетілуі мүмкін. Тек пайдалануға рұқсат етілген, я болмаса қоғамдық сымсыз жергілікті желі немесе хотспот қызметі арқылы қолжетімді қатынасу нүктесіне қосылыңыз.

Ылғалдың конденсациясы

Консоль тікелей суық жерден жылы жерге әкелінсе, консоль ішінде ылғал конденсациялануы мүмкін. Бұл жағдай орын алса, консоль дұрыс істемейуі мүмкін. Бұл жағдайда ылғал буланғанша (бұған бірнеше сағат кетуі мүмкін) консольді ешіріңіз және розеткадан ажыратыңыз. Егер консоль әлі де дұрыс жұмыс істемесе, кепілдік бөлімінен табуға болатын тиісті PlayStation® пайдаланушыларға қызмет көрсету анықтамалық желісіне хабарласыңыз.

Тазалау

Қауіпсіздік мақсатында, консольді немесе қосулы аксессуарларды тазалау алдында айнымалы ток сымын электр розеткасынан ажыратыңыз.

Сыртқы беттер (консольдің пластик қақпағы және сымсыз басқару құралы)

- Жұмсақ, құрғақ шүберекпен сүртіңіз.
- Консольдің немесе перифериялық құрылғылардың бетінің түсі және сапасы өзгермеуі үшін төмендегі нұсқауларды орындаңыз.
 - Инсектицидтерді немесе ұшпа заттарды, соның ішінде бояу сұйылтқышын, бензинді немесе алкогольді сеппеңіз немесе қолданбаңыз. Химиялық жолмен өңделген шүберектермен сүртіңіз.
 - Басқару құралын немесе гарнитураны консоль үстіне қоймаңыз немесе сақтамаңыз.

Порттар/коннекторлар

Лас болса, консольдегі порттарды/коннекторларды пайдаланбаңыз. Олар электр тогын тиісті түрде өткізбейуі мүмкін. Егер олар ластанса, жұмсақ шүберекпен сүртіңіз.

М.2 SSD жинақтауышын орнату

М.2 SSD жинақтауышы - флеш жады пайдаланатын сақтау орны. Ойындар мен қолданба деректеріне көбірек сақтау орнын алу үшін, PS5 консольге сатылымда бар М.2 SSD жинақтауышын орнатыңыз.

М.2 SSD жинақтауышының түрлері

М.2 SSD жинақтауышын келесі сипаттамалар бойынша пайдалана аласыз:

Интерфейс	PCI-Express Gen4x4 М.2 NVMe SSD (М кілті) қолдауымен
Сақтау орны	250 ГБ - 4 ТБ
Қолдау көрсетілетін өлшемдер	2230, 2242, 2260, 2280, 22110
Жылу тарататын механизмді қосқандағы өлшем	Ені: 25 мм-ге дейін Ұзындығы: 30/42/60/80/110 мм Қалыңдығы: 11,25 мм-ге дейін (тақтаның үстінен 8,0 мм-ге дейін, тақтаның астынан 2,45 мм-ге дейін)

Ескертулер

- Бір жақты құрылғыларға, екі жақты құрылғыларға да қолдау көрсетіледі.
- М.2 SATA SSD жинақтауышына қолдау көрсетілмейді.
- Қолдау көрсетілетін құрылғыларда хосттың буферлік жадымен (HMB) жұмыс істеуге қолдау көрсетілмейді.
- Сатып алар алдында дискінің параметрлерін мұқият қарап шығыңыз және егер қандай да бір сұрақтарыңыз болса, сатушыға немесе өндірушіге хабарласыңыз. SIE жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес келетін М.2 SSD жинақтауышы консольмен дұрыс жұмыс істеуіне кепілдік бермейді және бөгде өндірушілердің өнімдерін таңдауға, өнімділігіне немесе пайдалануға жауап бермейді.

М.2 SSD жылу тарататын жинақтауышы

Осы құрылғымен пайдалануға болатын М.2 SSD жинақтауышы жоғары жылдамдықта жұмыс істейді және осының салдарынан қатты қызып кетуі мүмкін. Егер М.2 SSD жинақтауышында жылу тарататын механизм болмаса, жылылық өткізуді орнатыңыз, мысалы, радиатор, жылу берілім тілімін немесе екеуінде. Жылу өткізуді орнату туралы ақпаратты нұсқаулықтан қараңыз. Егер сіз құрылғыны жылу тарататын бөлшектерсіз немесе жылу тарататын бөлшектер пайдалану кезінде ешіп қалса, негізгі құрал қызып кетуі мүмкін және ары қарай пайдалану жұмыстың бұзылуына әкелуі мүмкін.

М.2 SSD жинақтауышын орнатыңыз немесе алыңыз

Қауіпсіздік ескертулері

Абай болыңыз


- Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз. Бұрандалар сияқты шағын бөлшектерді жұтып қою мүмкін және тұншығуына әкелуі мүмкін.
- PS5 консольді өшіргеннен кейін және айнымалы тоқ сымын және кабельдерді суырғаннан кейін, М.2 SSD жинақтауышын орнатпай немесе шығармай тұрып, консольдің суығанын күтіңіз. Сіздің PS5 консольіңіздің негізгі құралы пайдаланып болғаннан кейін де ыстық болуы мүмкін және оны қақпағы ашық күйде пайдалануды жалғастыру күйіп қалуға әкелуі мүмкін.
- Саусақтарыңызды бөлшектер арасындағы саңылауларда қыстырып алудан және бөлшектердің өткір ұштарына жарақаттаудан абай болыңыз.
- Консольді қосқан кезде, қақпақ пен кеңейткіш уя қақпағының дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз. Егер қақпақ пен кеңейту уясының қақпағы дұрыс орнатылмаса, бұл негізгі құралдың қызып кетуіне әкелуі мүмкін..

Ескертулер


- Орнату немесе алу үдерісін бастамай тұрып, денеден статикалық электрді шығару үшін, жерге түйықталған металл затты түртіңіз. Егер бұлай жасамаса, М.2 SSD жинақтауышына немесе PS5 консольіне зақым келуі мүмкін. М.2 SSD жинақтауышының кейбір бөлшектері статикалық электрге ерекше сезімтал, сондықтан абай болыңыз.
- М.2 SSD терминалдарына немесе PS5 консольдің кеңейту коннекторына жақындамаңыз.
- Бұрандаларды орнату немесе алу кезінде, бұрандалардың өлшемдеріне сәйкес келетін бұрағышты пайдаланыңыз. Егер өлшемдер сәйкес келмесе, бұранда босап кетуі мүмкін.
- PS5 консольінің негізгі құралына бұранда және төсеме сияқты шағын бөлшектерді түсіріп алудан сақ болыңыз. Егер шағын бөлшектер негізгі құралға түсіп кетсе, құрылғыны электр қуатына қоспаңыз және қолдау көрсету веб-сайтының көмегіне жүгініңіз (→ артқы қақпағы).

М.2 SSD жинақтауышын орнатыңыз


- М.2 SSD жинақтауышын сақтау орнын 21.02-04.00.00 және одан кейінгі жүйе бағдарламалық жасақтамасының нұсқаларымен пайдалана аласыз.
- М.2 SSD жинақтауышын орнатпай тұрып, консольді тегіс бетке төселген жұмсақ матаға қойыңыз.

- 1 Бақылау орталығына өтіп, **Power (Қуат)**  **Turn Off PS5 (PS5 өшіру)** таңдаңыз.
Экран өшеді, қуат индикаторы ақ түсте жыпылықтайды, содан соң өшеді.
- 2 Айнымалы тоқ сымын және кабельдерді ажыратыңыз, содан соң PS5 консольінің суығанын күтіңіз.
PS5 консольінің негізгі құралы пайдаланып болғаннан кейін ыстық болады.

- 3 Негізді алып тастаңыз, PS5 консолін аударыңыз және қақпақты сызықтың бағытына қарай ақырын тарту арқылы алыңыз.




- 4 Бұранданы кеңейткіш ұя қақпағынан алып, қақпақты алыңыз.




Кеңейткіш ұя қақпағы

- 5 M.2 SSD жинақтауышын кеңейту коннекторына орнатыңыз.

- ① Бұранда мен төсемені алыңыз, содан соң төсемені M.2 SSD жинақтауышының өлшемі бойынша реттеңіз.




- ② M.2 SSD жинақтауышының шетін ұстап тұрып, оны кеңейту коннекторындағы ойықпен қиыстырыңыз. M.2 SSD жинақтауышын жоғары қарай еңкейтіп, оны кеңейту коннекторына тірелгенше салыңыз. Төменде бекітілген радиаторы мен жылу өкетуші парағы бар M.2 SSD дискі көрсетілген.




Төсеме

- ③ M.2 SSD жинақтауышын төмен қарай еңкейтіп, бұрандалармен бекітіңіз.



- 6 Кеңейткіш ұя қақпағын орнатып, бұрандалармен бекітіңіз.

- 7 Қақпақты көрсеткі бағытында «шырт» еткен дыбыс естілгенше мықтап басыңыз.



- 8 Айнымалы тоқ сымын, кабельдерді және негізді жалғаңыз, содан соң электр қуатын қосыңыз.
PS5 консолі қосылғанда, пішімдеу бойынша нұсқаулық пайда болады.
Экрандағы нұсқаулықтарға жүгініңіз және M.2 SSD жинақтауышын пішімдеңіз.

Keңестер

- Егер сіз қандай да бір бөлшектерді, мысалы, кеңейткіш ұя қақпағын, бұрандаларды және төсемелерді жоғалтып алсаңыз, біздің қолдау көрсету веб-сайтымызға жүгініңіз (►► артқы қақпағы).
- Ойын деректерін M.2 SSD жинақтауышының сақтау орнына қалай сақтау керек екендігі туралы ақпаратты және сақтаған дерек түрлерін пайдаланушы нұсқаулығынан таба аласыз.

M.2 SSD жинақтауышын алыңыз

Консольді тегіс бетке төселген жұмсақ матаға қойыңыз. Содан соң M.2 SSD жинақтауышын алсаңыз болады.

- 1 «M.2 SSD жинақтауышын орнату» нұсқаулығынан 1-4 қадамдарын орындаңыз.
- 2 M.2 SSD жинақтауышын кеңейту коннекторынан алыңыз.
 - ① M.2 SSD жинақтауышын ұстап тұрған бұрандаларды бұрап алыңыз.
 - ② M.2 SSD жинақтауышын аздап көтеріңкіреңіз, содан соң шетінен ұстап, жоғары қарай тартыңыз.
 - ③ Бұрандаларды төсемелерге қайта бекітіңіз.
- 3 «M.2 SSD жинақтауышын орнату» нұсқаулығынан 6 және 7 қадамдарын орындаңыз.

Сипаттамалары

Құрылым және техникалық сипаттамалары ескертусіз өзгертілуі мүмкін. Пайдаланылып жатқан бағдарламалық жасақтама нұсқасына байланысты, консоль осы нұсқаулықта сипатталғаннан басқаша жұмыс істеуі мүмкін.

PlayStation®5 консолі

Басты процессор	Бір кристалды тұтынушы процессоры Орталық процессор: x86-64-AMD Ryzen™ «Zen2», 8 ядро/16 ағын GPU: 10 TFLOPS, AMD Radeon™ RDNA негізіндегі графикалық жүйе
Жады	GDDR6 16 ГБ
Сақтау	825 ГБ теңшелетін SSD*1
Енгізулер/Шығарулар*2	USB Type-A порты (Hi-Speed USB) USB Type-A порты (SuperSpeed USB 10 Гбит/сек) ×2 USB Type-C® порты (SuperSpeed USB 10 Гбит/сек) Кеңейту коннекторы (M кілті)
Желі	Ethernet (10BASE-T, 100BASE-TX, 1000BASE-T) IEEE 802.11 a/b/g/n/ac/ax Bluetooth® 5.1
AV-шығару	HDMI™ OUT порты*3
Электрлік	220-240 В ~ 1,60 А 50/60 Гц
Максималды ұзақ қуат	340 Вт
Сыртқы габариттер (шығып тұратын бөліктерді қоспағанда)	Шамамен 390 × 92 × 260 мм (ені × биіктігі × тереңдігі)
Салмағы	Шамамен 3,6 кг
Жұмыс температурасы	5 °C ден 35 °C
Өндіруші ел	Қытай

*1 SSD сыйымдылығының бір бөлігі консольді басқаруға, техникалық қызмет көрсетуге және қосымша опцияларға байланысты пайдалану үшін сақталады. Нәтижесінде қолжетімді SSD сыйымдылығы өзгеріп отыруы мүмкін.

*2 Барлық қосылған құрығыларды пайдалануға болатынына кепілдік берілмейді.

*3 Жинақтағы HDMI кабелін пайдаланыңыз.

Сымсыз басқару құралы

Ену тогының көрсеткіші	5 В ∓ 1 500 мА
Батарея типі	Ішкі литий-ионды батарея
Батарея вольтажы	3,65 В ∓
Батарея сыйымдылығы	1 560 мАс
Жұмыс температурасы	5 °С ден 35 °С
Салмағы	Шамамен 280 г
Өндіруші ел	Қытай

КЕПІЛДІК

КЕПІЛДІК

Осы Өнімді сатып алғаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз. Өнімге риза болады деп сенеміз. «Өнім» термині PlayStation® консолін және PlayStation® консолінің жинағына кіретін барлық ресми расталған сыртқы PlayStation® құрылғыларын білдіреді.

Келесіні ескеріңіз: өнімде алдын-ала орнатылған немесе кейінірек түзетілген немесе жаңартылған нұсқа түрінде ұсынылатын жүйелік бағдарламалық қамтым сізге лицензия негізінде ұсынылады, сатылмайды және тек Өнімнің бөлігі ретінде қолдану үшін арналады. Осы жүйелік бағдарламалық қамтым шарттары playstation.com/legal сайтында келтірілген.

Бұл Кепілдік Сізге, Грэйт Мальборо көшесі 10, Лондон қаласы, Ұлыбритания, W1F 7LP мекен-жайы бойынша орналасқан Sony Interactive Entertainment Europe Limited («SIEE») компаниясы Өнімінің бірінші пайдаланушысына беріледі. Ол сіз үшін арналған және өзге тұлға оны пайдалана алмайды. Бұл Кепілдік пайдаланушы құқықтарына (заң орнатқан) қосымша болып табылады және оларға ешқалай әсер етпейді.

Біздің сізге Кепілдігіміз: SIEE материалдар және Өнім өндіруге байланысты ақаулардың жоқтығын кепілдейді. Төменде атап өтілген шарттарға сәйкес тиісті пайдаланылған жағдайда Өнім ақаулығы пайда болса және ол ақаулық материал немесе өндіру кемшіліктерімен байланысты болса, компания бірінші сатып алу күнінен бастап 1 (бір) жыл ішінде («Кепілдік мерзімі») осы Өнімнің кез-келген құрамдас бөлігін тегін өңдеуге немесе (SIEE қарастыруы бойынша) ауыстыруға міндеттенеді. Жаңа немесе қалпына келтірілген құрамдас бөлік немесе консоль (SIEE қарастыруы бойынша) ауыстырылады. Ауыстырылған құрамдас бөлік кепілідігі 3 (үш) ай және бастапқы кепілдік мерзімінің қалған уақытында әрекет етеді. Бұл Кепілдік пайдаланушы мәліметтерін, Өнім жинағына қосылған не қосылмаған кез-келген бөлек бағдарламалық қамтым немесе PlayStation® ойындарын, сонымен қатар SIEE компаниясы немесе ол үшін өндірілмеген кез-келген басқа PlayStation® қосымша жабдықтарын қамтымайды.

МАҢЫЗДЫ

1. Осы Кепілдік бойынша шағымданғыңыз келсе, қайтару нұсқаулығын алу үшін жергілікті пайдаланушыларға қызмет көрсету орталығына немесе электронды адресіне жүгініңіз.
2. Кепілдік SIEE компаниясы Өнімді саудаға қойған Өзірбайжан, Белоруссия, Грузия, Үндістан, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей Федерациясы, Тәжікстан, Түркменстан, Украина және Өзбекстан елдерінде келесі жағдайларда әрекет етеді ақау бұйыммен бірге Кепілдік мерзімінде (бастапқы сатып алу уақытынан бастап өзгертілмесе немесе өшіріп тасталмаса) сатып алу күні мен сатушы аты көрсетілген түбіртек, шот-фактура немесе сатып алуды растайтын басқа құжат ұсынылған жағдайда.
3. SIEE компаниясы мына жағдайларда осы Кепілдік аясында шағымды қабылдамау құқығын сақтайды:
 - a. Өнімдегі кез келген Кепілдік мөрі және сериялық нөмір зақымдалған, өзгертілген, бүлінген немесе жойылған;
 - b. Өнім корпусын ашуға немесе шешуге белгілі бір әрекет жасалған (сәтті немесе сәтсіз).
4. Бұл Кепілдік астында SIEE компаниясы Өнімді немесе Өнімнің компонентін зақымдалған Өнімді сізден алған 21 күн ішінде өңдеу қажеттігін немесе ауыстыру қажеттігін өзі шешеді. Барлық ауыстырылған Өнімдер және / немесе компоненттер SIEE компаниясының мерзіміне айналады.
5. Жөндеу немесе ауыстыру барысында бағдарламалық қамтымның соңғы нұсқасы немесе Өнімнің жаңартылған бағдарламасы орнатылады.
6. Алмалы қатты дискі («HDD») бар Өнімдер
 - a. Қызмет көрсету орталығының маманымен кепілдік шарттары туралы келіскен кезде алынбалы қатты дискісі бар өнімдерді түпнұсқалы қатты дискімен қайтаруы тиіс.
 - b. Өнімді жөндеу немесе ауыстыру барысында қатты дискіні қайта форматтау қажет болады.
 - c. Сіз қатты дискіні қайта форматтау барысында сақталған мәліметтер, файлдар немесе бағдарламалық құрал жоғалатынын түсінесіз және келісесіз. Сақтау қажет мәліметтер, файлдар немесе бағдарламалық құралдың жоғалуын болдырмау үшін, қатты дискісі бар Өнімді кепілдік қызмет көрсетуге жібермес бұрын мәліметтердің резервтік көшірмесін жасап, оны дискіден жойыңыз. PlayStation™Network сенің PlayStation® консолі шығу, жасырын болған әр түрлі мағлұматы қорғайды.
7. Solid State Drive («SSD») дискі бар өнімдер
 - a. Өнімді жөндегенде немесе ауыстырғанда, бұл SSD дискі қайта пішімделеді.
 - b. SSD дискін қайта пішімдеуден кейін сақталған деректер, файлдар мен бағдарламалық құралдар жойылатынын түсінесіз және бұл жағдаймен келісесіз. Сақтағыңыз келген бағдарламалық құралдар, деректер мен файлдар жойылып кетпеуі үшін, өнімді кепілдік қызметке тапсырмай тұрып, мүмкін болса, олардың сақтық көшірмелерін жасап, SSD дискісінен жойғаныңыз жөн. PlayStation® консоліңізде PlayStation™Network желісінен шығу сіз құпия деп есептейтін бүкіл ақпаратты қорғауға көмектеседі.
 - c. Қосымша SSD жинақтаушымен жабдықталған құрылғыларды осы кепілдікке сәйкес кепілдік қызмет көрсетуді ұйымдастыру кезінде, қосымша SSD жинақтаушысыз қайтару қажет.
8. Щоб запобігти пошкодженню, втраті або стиранню даних іншого знімного носія, периферійного обладнання або компонентів, які не є оригінальними, необхідно вилучити дані пристрою перед тим, як звернутися за гарантійним обслуговуванням виробу.
9. Бұл Кепілдік сақталған деректерді, файлдарды немесе бағдарламалық құралды қамтымайды. SIEE компаниясы осы Кепілдікті қолданумен байланысты деректердің, файлдардың немесе бағдарламалық құралдың жоғалуына жауапты болып табылмайды.
10. Слід регулярно виконувати резервне копіювання жорсткого диска, щоб запобігти втраті або змінню даних. Проте деякі дані не можна піддавати резервному копіюванню. Користувачу потрібно буде перевстановити жорсткий диск.
11. Егер де Өнім зақымы келесі себептермен шартталған болса, Сіз осы Кепілдік аясында шағымдана алмайсыз:
 - a. коммерциялық пайдалану, жазатайым оқиға, немқұрайлы ұстау немесе қате пайдалану (шексіз, осы Өнімді пайдалану мақсатына сәйкес емес пайдалануды, және/ немесе қалыпты пайдалану нұсқаулығын сақтамай пайдалануды, сонымен қатар әрекеттегі жергілікті техникалық стандарттар және қауіпсіздік стандарттарының талаптарын орындамай орнату және пайдалануды қоса);
 - b. кез-келген авторландырылмаған сыртқы құрылғылармен немесе құрамдас бөліктермен бірге пайдалану (шексіз, ойын сапасын жақсартатын құрылғылар, адаптерлер және күзет көздерін қоса);
 - c. Өнімді дұрыс пайдалану және техникалық қызмет көрсету бойынша нұсқауларға сай әрекеттен басқа кез келген бейімдеу немесе реттеу немесе өзгерту;
 - d. SIEE компаниясы өкіл етпеген техникалық қызмет көрсету ұйымы орындаған техникалық қызмет көрсету немесе жөндеу;
 - e. рұқсат етілмеген бағдарламалармен, вирус инфекциясы, өрт, сел немесе басқа дүлей апат жағдайында пайдалану; немесе
 - f. Өнімді үй немесе жеке пайдалану жағдайларына қатысты емес мақсатта немесе Өнімнің техникалық сипаттамаларына сәйкес келмейтін жағдайларда пайдалану немесе қызмет көрсету.
12. Жүйелік бағдарламалық қамтым лицензиясын бұзған жағдайда сіз осы Кепілдік аясында шағымдана алмайсыз (playstation.com/legal)
13. Әрекеттегі заң жол беретін шектерде, осы Өнім ақаулықтарын жойған кезде осы кепілдік жалғыз және ерекше құрал болып табылады және осы Өнімге қатысты айтылатын не түспалданын барлық басқа кепілдер қолданылмайды. Сондықтан SIEE компаниясы немесе Sony ұйымы, не оның кез-келген басқа бөлімі немесе жабдықтаушысы, қалай туылғанына тәуелсіз, мәлімет жоғалуын қоса, әдейі, байқаусыз немесе жанана жоғалу не зақымдау үшін жауапты емес.
14. Осы Өніммен байланысты ұсынылатын қызмет немесе үшінші жақ өнімі үшін SIEE кепілдік бермейді.

Егер де осы Кепілдік қамтитын Өнімді жөндеу қажет болса, жергілікті пайдаланушыларға қызмет көрсету орталығына жүгініңіз. Егер де сіздің еліңіз тізімде болмаса, сатушыға жүгініңіз.

Пайдаланушыларға қызмет көрсету желісінің нөмірлері:

AZ	Azərbaycan
GE	საქართველო
KG	Кыргызстан
TJ	Тоҷикистон
TM	Türkmenistan
UZ	O'zbekiston

+7 495 258 7669

BY Беларусь

☎ 8 820 0071 7667

IN भारत गणराज्य

☎ 1800-103-7799

✉ sonyindia.care@ap.sony.com

KZ Қазақстан

☎ 8-800-070-70-35

✉ info@sony.ru

RU Россия

☎ 8 800 200 7667

✉ info@sony.ru

UA Україна

☎ 0 800 307 669

✉ info@sony.ua

Өнімді жергілікті электрлік және электрондық қайта өңдеу заңдарына сәйкес тастаңыз.

Сатуды қолданыстағы жергілікті заңнамаға сәйкес орындау керек.

Авторлық құқық және сауда белгілері

«PS», «PlayStation», «PSS», «PS5», «DUALSHOCK» және «PlayStation Shapes Logo» — Сони Интерактив Энтертейнмент Инк корпорациясының сауда белгілері немесе тіркелген сауда белгілері.

«SONY» және «» — Сони Групп Корпорейшн корпорациясының сауда белгілері немесе тіркелген сауда белгілері.

AMD, Radeon and Ryzen are trademarks of Advanced Micro Devices, Inc.

The Bluetooth® word mark and logos are registered trademarks owned by Bluetooth SIG, Inc. and any use of such marks by Sony Interactive Entertainment Inc. is under license. Other trademarks and trade names are those of their respective owners.

The terms HDMI and HDMI High-Definition Multimedia Interface, and the HDMI Logo are trademarks or registered trademarks of HDMI Licensing Administrator, Inc. in the United States and other countries.

USB-IF SuperSpeed USB Trident logo is a registered trademark of USB Implementers Forum, Inc.

USB Type-C® and USB-C® are registered trademarks of USB Implementers Forum.

Барлық басқа сауда белгілері тиісті иелерінің меншіктері болып табылады.

Қысқаша бастау нұсқаулығы

PS5 консолін реттеу жолын және қамтылған Қысқаша бастау нұсқаулығы құжатында қамтылған негізгі функцияларды пайдалану жолын үйреніңіз.

Пайдаланушы нұсқаулығы

PS5 консолі істей алатын нәрсенің барлығы туралы ақпаратты табыңыз. Параметрлерді конфигурациялау және әрбір функцияны пайдалану әдісі туралы қосымша ақпарат. Пайдаланушы нұсқаулығын көру үшін интернет байланысы керек. PS5 консоліңіздің негізгі экранынан **Settings (Параметрлер) ⚙ > User's Guide, Health and Safety, and Other Information (Пайдаланушы нұсқаулығы, денсаулық және қауіпсіздік және басқа ақпарат) > User's Guide (Пайдаланушы нұсқаулығы) тармағына өтіңіз.**

Тұтынушыларды қолдау веб-сайты

Мына бетке кіру арқылы қадамдық ақаулықтарды жою және жиі қойылатын сұрақтар сияқты онлайн қолдау ақпаратын таба аласыз: playstation.com/help.



Осы нұсқаулықта берілген ақпарат ескертусіз өзгертіледі.

Осы өнімді коммерциялық мақсаттар үшін пайдалануға немесе жалға беруге тыйым салынады.

